



"Алматы Пауэр Консолидейтед" акционерлік қоғамы акцияларының пакетін сатудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 маусымдағы N 510 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.10.13. N 993 қаулысымен.

Алматы өңірінің энергетикалық кешенін дамыту мен жаңарту және оны алдағы жылыту кезеңіне дайындау, сондай-ақ "Алматы Пауэр Консолидейтед" акционерлік қоғамы акцияларының пакетін сатудың заңдылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің және "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының "ҚазТрансГаз" акционерлік қоғамының заңнамада белгіленген тәртіппен "Алматы Пауэр Қонсолидейтед" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - қоғам) акцияларының пакетін сату туралы ұсынысымен келісілсін.

2. Қосымшаға сәйкес құрамда қоғам акцияларының пакетін сатудың заңдылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия құрылсын.

3. Осы қаулының 2-тармағында көрсетілген комиссия қоғам акцияларының пакетін сатуды қадағалаушылар ретінде қоғамдық бірлестіктердің, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін тартсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 6 маусымдағы

N 510 қаулысына

қосымша

"Алматы Пауэр Консолидейтед" акционерлік қоғамы акцияларының пакетін сату жөніндегі комиссияның құрамы

Өтепов

- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы,

Эдуард Карлович

төраға

Оразбаев

- Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық

Бірлік Есіркепұлы

ресурстар вице-министрі, төрағаның

орынбасары

- Алдабергенов - Қазақстан Республикасы Табиғи
Нұрлан Шадібекұлы монополияларды реттеу агенттігі
төрағасының орынбасары
- Қанатов - Қазақстан Республикасының
Сәбит Сарқытұлы Қаржы министрлігі Салық комитеті
төрағасының орынбасары
- Сманқұлов - Алматы қаласы әкімінің орынбасары
Асқар Сұлтанұлы
- Сұлтанғалиев - "ҚазТрансГаз" акционерлік қоғамының
Серік Сұлтанғалиұлы бас директоры
- Әбілқасымов - Қазақстан Республикасының
Ерасыл Әбілқасымұлы Парламенті Мәжілісінің депутаты
- Киселев - Қазақстан Республикасының
Сергей Владимирович Парламенті Мәжілісінің депутаты
- Тшанов - Қазақстан Республикасының
Амалбек Қозыбақұлы Парламенті Мәжілісінің депутаты
- Трошихин - Қазақстан Республикасының
Михаил Васильевич Парламенті Мәжілісінің депутаты
- Таспихов - Қазақстан Республикасының
Амангелді Сатыбалдыұлы Парламенті Мәжілісінің депутаты
- Рубченков - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы"
Юрий Николаевич акционерлік қоғамының құбыржолдары
көлігін дамыту департаменті
директорының орынбасары
- Терехов - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы"
Сергей Николаевич акционерлік қоғамы Активтерді
басқару департаментінің менеджері